

**1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 11 қыркүйек N 878

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 P980703\_ қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігі: 1998 жылдың 14 қыркүйегіне дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша жоғарыда аталған тізбеге сәйкес Министрліктің мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құжаттарды бекітсін;

бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы  
11 қыркүйектегі  
N 878 қаулысымен  
бекітілген

Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі

N	Атауы	1998 жылғы	1999 жылға
		қаржыландыру	арналған
		нысаны	қаржыландыру
			нысаны
1	"Шығыстар" бөлімі		
	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет	Ұстауға	Көрсетілген
	көрсетулер		қызметтер
	Республикалық деңгейде орындалатын		үшін
	мемлекеттік тапсырыстар		
	Энергетика, индустрия, құрылыс,		
	стандарттау, сертификаттау,		
	метрология және сапа жүйелері		
	салаларындағы қолданбалы зерттеулер		
	Деректердің автоматтандырылған		
	ақпараттық базасын құру		
11	Отынды қоспағандағы тау-кен өнер-		
	кәсібі және пайдалы қазбалар;		
	өңдеу өнеркәсібі; құрылыс		
	Қарағанды көмір бассейнінің шахта-		
	ларын (Горбачев атындағы, "Киров",		
	"Арман" шахталары) жабу		
	Жобалау-іздігіру, конструкторлық	Орындалатын	Бұл да
	және технологиялық жұмыстар	жұмыстардың	
		көлемі бойынша	
	Республикалық деңгейде орындалатын	Ұстауға	Бұл да
	мемлекеттік тапсырыстар		
	Халықаралық, аймақтық және ұлттық		
	стандарттарды сатып алу		
	Республиканың заттай көлемдер		
	бірлігінің ұлттық эталонды базасын		
	қолдау және құру		
	Мемлекеттік резервті қалыптастыру		
	және сақтау		

	Өнеркәсіп конверсиясын жүргізу		
	Дүниежүзілік "ЭКСПО-2000"көрмесіне		
	Республиканың экспозициясын		
	дайындау		
13	Экономикалық қызметке байланысты		
	басқа да қызмет көрсетулер		
	Республикалық деңгейдегі әкімшілік	Бұл да	Ұстауға
	шығыстар		
	Орталық органдардың аппараты		
	Аумақтық органдардың аппараты		
	Республикалық деңгейде орындалатын	Бұл да	Көрсетілген
	мемлекеттік тапсырыстар		қызметтер үшін
	Ақпараттық-есептеу қызметі		
	Ғимараттарды күту және қызметкер-		
	лердің қызметін қамтамасыз		
	ету		